



2021 жылы экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық



2021 жылы жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша орташа айлық атаулы жалақы



Еңбек ақы төлеу таңдалған мамандыққа және атқаратын лауазымына байланысты ерекшеленеді. 2021 жылы ең жоғары жалақы ұйымдар басшылары (521336 теңге), аудармашылар (412527 теңге), мамандандырылған (өндірістік-пайдалану) бөлімшелер (қызметтер) басшылары (342864 теңге) арасында тіркелді. Сонымен қатар, аталған барлық лауазымдар мен кәсіптерде ер адамдар жоғары жалақы алады.

Ерлер мен әйелдер басқаратын жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны



2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 1,4 млн.шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері (ШОК) белсенді жұмыс істейді, оның ішінде 793,6 мың субъекті немесе жалпы санының 55,4%-ын ер-кәсіпкерлер басқарады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді жынысы бойынша бөлу



Мемлекеттік басқару жүйесінде ерлер мен әйелдердің өкілдігі мынадай: мемлекеттік әкімшілік қызметшілер арасындағы ерлердің үлесі әйелдердің жалпы санының 56,1%-ымен (46,0 мың адам) салыстырғанда 43,9%-ды (36,0 мың адам) құрайды. Мемлекеттік саяси қызметшілер деңгейінде жалпы саннан ерлер 90,9% (670 адам) және әйелдер 9,1% (67 адам) құрайды.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары құрамының сипаттамасы



Сенат
48 депутат
немесе 39 ер
және 9 әйел



Мәжіліс
106 депутат
немесе 77 ер
және 29 әйел

Парламент депутаттары арасындағы әйелдердің үлесі біртіндеп артып келеді және 2020 жылғы сайлау қорытындылары бойынша Парламенттің төменгі палатасы – Мәжілістеігі әйелдердің үлесі 27,4% құрады. Парламент Сенатында бұл көрсеткіш біршама аз, барлығы 9 әйел депутат немесе жалпы санының 18,7% (барлығы 48 депутат).

Сізге толығырақ ақпарат қажет пе?

«Қазақстанның әйелдері мен ерлері» статистикалық жинағы шығарылды және «Ресми статистика» / «Жарияланымдар» / «Статистикалық жинақтар» бөлімінде орналастырылды. Жинақта халықтың демографиялық және әлеуметтік сипаттамалары, денсаулық сақтау, білім және ғылым, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, қылмыс және мемлекеттік басқару бойынша гендерлік аспектіде деректер келтірілген.

«Пайдаланушыларға» бөлімінде «Гендерлік статистика» арнайы бөлімшесі бар, онда 2000 жылдан бастап динамикада ұлттық гендерлік көрсеткіштер жүйесінің барлық деректері орналастырылған.

Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Халықаралық ынтымақтастық және орнықты даму департаментіне хабарласыңыз:

Досанова Айнүр Сеидғалиқызы
Департамент директоры
Тел. 8 7172 751625
E-mail: ai.dosanova@aspire.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:

010000, Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
E-mail: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурс: <http://www.stat.gov.kz>

Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

www.stat.gov.kz

Гендерлік статистика



Сіз білесіз бе...

- 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 19122423 адамды құрады, оның ішінде жартысынан көбі әйелдер – 9835645 адам немесе 51,4%
- Қазақстанда жалақыдағы гендерлік алшақтықтың төмендеуі байқалады, ол 2017 жылғы 32,2%-дан 2021 жылы 21,7%-ға дейін қысқарды

